

2

Сүзгіден өткен сенімді жобалар қажет



6

Қайраттыға бақ тұрар



# Сыр бойы

6 тамыз, сейсенбі 2024 жыл

№120 (20794)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

t.me/syrboyi\_kz

twitter.com/syrboyi

## /// ПРЕЗИДЕНТ

### «САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.

Президентке Қордың биылғы бірінші жарты-жылдықтағы қызметінің негізгі қорытындылары және алдағы жұмыстарының жоспары таныстырылды.

Нұрлан Жақыповтың айтуынша, басты өндірістік көрсеткіштер жоспарға сәйкес атқарылып отыр. Қордың кірісі 7,9 триллион теңгені құрады. Бұл белгіленген жоспардан 7 пайызға артық.

Қор тікелей шетелдік инвестицияның катализаторына айналды. Сонымен қатар мұнай-газ химиясы, энергетика, көлік және логистика, машина жасау, цифрландыру салаларындағы жобаларға шетелдік серіктестерімен бірлесіп инвестиция құяды.

Мемлекет басшысына «Самұрық-Қазына» тобының инвестициялық портфелінде жалпы сомасы 53,5 триллион теңге болатын 130-дан астам жоба бар екені баяндалды. Мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, логистика салаларында және тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асырылатын жобалар ел экономикасына мультипликативті әсер етеді деп күтілуде.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қордың бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясындағы қайырымдылық жобалары туралы мәлімет берілді. Елімізде 40 оналту орталығы ашылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ Қор жұмысын одан әрі жетілдіру жөнінде нақты тапсырма берді.

## СЕРІКТЕСТІК СЕРПІНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентінің көмекшісі Саида Мирзиёеваны қабылдады.

Кездесу барысында екі ел арасындағы көпжақты серіктестікті одан әрі ілгерілетуде қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстанның одақтастық әрі стратегиялық сипаттағы қарым-қатынасын атап өтіп, жоғары деңгейдегі саяси диалогтың тиімділігін арттыра түсу үшін екі ел президенттерінің өкілшіліктері арасындағы тығыз байланысты жолға қою маңызды екеніне назар аударды.

Кездесуде ақпараттық-идеологиялық, мәдени-гуманитарлық, білім беру және жастар саясаты салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту мәселесіне айрықша мән берілді.

Президент Астанада халықаралық «Заковат» интеллектуалдық ойынының өткізілуіне қолдау білдіріп, мұндай іс-шаралар халықтарымыздың арасын жақындата түсетінін атап өтті.

## /// БІЛІМ ГРАНТЫ

### БАЛЛ мен БАҚ: Енді қандай мүмкіндіктер бар?

Биыл білім грантының тізімі әдеттегіден ерте жарияланды. Әлеуметтік желіде талапкерлер өзінің аты-жөнін тізімнен көріп, отбасымен бірге қуанған сәттерін бөлісіп жатты. Енді бірі көз жасына ерік беріп, ішкі көңіл-күйін де жасырмады. Бұлар конкурсқа қатысқан 104 мыңнан астам талапкер ішінен суырылып, білім грантын иеленгендер еді. Биыл конкурсқа қатысушылар саны өткен жылмен салыстырғанда 11 мыңға көп болғандықтан, бәсекелестік те жоғары болған.

Өкінішке қарай, жоғары балл жинаған 10 мыңнан астам адам грант ала алмаған, оның ішінде 7 мыңнан астамы шығармашылық мамандық бойынша екенін айту қажет. Мысалы, денешынықтыру мұғалімдерін даярлау бойынша 1 орынға 11 түлек таласса, сән және дизайн бойынша 9, ал стоматологияға 1 орынға 35 адамнан келген. Сонымен бірге кейінгі кезде педагогикалық мамандықтарға деген сұраныс артууда. Мұны әрине, мұғалім мәртебесінің заманмен бекітіліп, қоғамда лайықты орын тапқанымен түсіндіруге болады. Педагогтерді даярлауға мемлекеттік тапсырыс артқан. Жалпы, 50 оқу орнында педагогтер даярланады. Оның ішінде 5 мамандандырылған педагогикалық университет бар.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің мәліметінше, 2024-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырыста 112 мың грант қамтылған. Оның ішінде бакалавриат 79 мыңға жуық, магистратураға 13 мыңға тарта, докторантура 1900-дан астам грант бөлінген. Демек, биылғы мектеп бітіруші түлектердің 79 мыңы мемлекеттік грантқа ие болды деген сөз. Ал қалғаны не істемек керек? Оның жолы қандай? Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек грантқа іліге алмай қалған талапкерлерге «Telegram» каналы арқылы үндеу жасады.

— Соңғы уақытта елімізде орын алған су тасқыны бүкіл елге ортақ сынақ болды. Осы жағдайға байланысты, біз жоғары білім алуға гранттардың аз ғана бөлігін зардап шеккен өңір түлектеріне бөлдідік. Саны көп те емес, 5112 грант. 20 мыңнан астам түлек су басқан өңірден бітірсе, соның 10 мыңнан астам түлегі өздеріңізбен бірдей жалпы конкурспен өтті. Біз оны әділ және ашық түрде бөлуге бар күш-жігерімізді салдық — деп жазды министр.



Колмак К.Орпайев

2-бет

## «VIP»

Жұрт осы кезде ес тоқтата бастаған ұлдарын жаппай сүндетке отырғызып жатыр. Жылда қара күзге дейін солай жалғасады. Тарихына бойласақ ұзақ кетерміз, бірақ бұл — ислам дінінің тазалыққа негізделген талабы дер едік.

## «СҮНДЕТТЕУ» НЕМЕСЕ «АЗАМАТ БОЛУДЫҢ» АҚЫСЫ ХАҚЫНДА

«Википедияға» сүйенсек, бүгінгі күні дүние жүзіндегі ер адамдардың алтыда бір бөлігі сүндетке отырады екен. Соңғы статистика бойынша, әсіресе, солтүстік Америкада профилактикалық әрі гигиеналық мақсатта жас балалардың 90 пайызы сүндеттеледі. Әлемнің 1,5 миллиард мұсылман тұрғынын былай қойғанда, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия,

Англия секілді бірқатар мемлекетте баланы сүндеттеу қалыпты үрдіске айналған. Демек, сүндет мұсылмандық міндет қана емес. Оның ер адамның денсаулығы, ертеңгі күні ұрпағының өсіп-өнуі үшін маңызы зор екені медицинада да дәлелденген.

6-бет

## /// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ЦИФРЛАНДЫРУДА ІЛГЕРІЛЕУ БАР

Елімізде мемлекеттік қызметтерді цифрландыруда айтарлықтай ілгерілеу бар. 24кз-тің хабарлауынша, жыл басынан бері 11,5 млн цифрлық мемлекеттік қызмет мүмкіндік берілген.

Ал жалпы 48 қызметтің 44-і электронды түрде ұсынылады. Осы жылы мемлекеттік органдар мен бизнес үшін 20 мың профильді қамтитын жаңа цифрлық ээкожүйе құрылды. Жобаларға арналған өтпелі ID-нөмірі енгізілді. Бұл олардың орындалуын тиімдірек бақылауға мүмкіндік береді.

Негізгі инновацияларға нарықтық талдау, біріншілік деректер қоймасы, egov.kz арқылы төлемді жеңілдету кіреді. Енді 198 мемлекеттік қызметтің деректемелері автоматты түрде толтырылады.

### БАТЫС НІЛ ҚАНДАЙ ВИРУС?

Ресейдің бірқатар аймағында анықталған Батыс Ніл безгегінің елімізде таралу қаупі бар. Сол себепті мамандар ел тұрғындарын сақтануға шақырып отыр деп хабарлайды 24кз.

Бұл вирусты негізінен кулек масалары таратады. Жәндіктер негізінен су қоймаларында мекен етеді. Дәрігерлердің айтуынша, бұл инфекция 60 жастан асқандар мен иммунитеті төмен адамдар үшін өте қауіпті. Вирустың негізгі белгілері бұлшықет пен буындардың ауруы, әлсіздік. Ал одан сақтану үшін мамандар үйдің терезелеріне тор орнатуды, орманға барғанда масаға таланбайтындай етіп киінуге, жәндіктерге қарсы улағыш заттарды пайдалануға кеңес етеді.

### ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛАТЫНДАР САНЫ КӨБЕЙМЕК

Қазақстанның Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызметкерлер санын көбейтпек. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Қаулы жобасы «Ашық нормативтік-құқықтық актілердің» интернет-порталында жарияланды. Ол 19 тамызға дейін қоғамдық талқылауда болады.

«2024 жылы наурыз-маусым және қыркүйек-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінгі қалдыру немесе босату құқығы жоқ 18 бен 27 жас аралығындағы 40 148 ер азаматтың мерзімді әскери қызметке шақырылуын қамтамасыз ету керек» делінген құжатта.

Жалпы бұған дейін әскери қызметке 39 180 адам шақырылған еді. Негізіндемеде «Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларды жинақтау үшін» мерзімді әскери қызметшілер санын көбейту көзделіп отырғаны айтылған болатын.

«СБ» ақпарат

## /// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

### ЖОЛ – ИГІЛІК БАСТАУЫ

Қызылордада қайта жаңғыртылып жатқан көшелерді көргенде көңіл тоятпайды. Соның бірі – Жаппасбай батыр көшесі. Қазір мұнда қызу жұмыс.

Мамандардың айтуынша, алдымен шебін төселіп, оның үстіне торсетка жайылады. Содан соң ғана жол жабындысы салынады. Бұл тәсіл бұған дейін қолданылған. Мұның маңыздылығы жауын-шашын мен қар суына, қысқасы жолдың төзімділігін арттырады.

Жол құрылысына жауапты мердігер – «УАД» ЖШС. Учаске бастығы Ғабит Қыстаубаев құрылыстың сапалы әрі уақытылы орындалуын қадағалайтынын жеткізді. Бүгінде жол құрылысы басында 20-ға жуық техника мен 40 шақты жұмысшы тынбай еңбек етуде.

— Біздің «УАД» ЖШС-ның жол құрылысында ұзақ жылғы тәжірибесі бар. Қашанда жолдың сапалы салынуына мән береміз. «Жаппасбай батыр» көшесіндегі жолдың жалпы



Суретері түсірген Нұрболан Нұржаубай

ұзындығы – 3,2 шақырым. Ені – төрт қатар көлік жүруге ауыстырылмақ. Көшеге жауа жүргіншілер жолы салынып, жарықшамдар орнатылады. Қажетті материалдардың барлығы отандық өнімдер. Сапасы талапқа сай. Құрылыс мамыр айында басталды. Межелі мерзімде бітіреміз деген жоспарымыз бар, — дейді ол.

Көпшілікке мәлім осы кезге дейін Е.Көшербаев көшесі қайта жаңғыртылды. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі жанадан жол құрылысы салынды. Мамандардың айтуынша, 96 көшеге күрделі және 34 көшеге орташа жол жөндеу жүргізілмек. 54 көшеге жауа жүргіншілер жолы салынып жатыр. Сондай-ақ көшелерге жарық бағаналары орнатылуда. Мұның бәрі – әрине, көне шаһардың дәуірлеу кезеңінің бір көрінісі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Валюта бағамы

\$ 474,57 kzt

€ 513,63 kzt

₺ 5,53 kzt

Ауа райы

+36° +38°

+38° +40°

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанды аралап, абаттандыру жұмыстарының барысын көрді.

Алдымен жаңа ЖЭО-ның құрылыс алаңына барды. Мұнда қазіргі уақытта жер қазу жұмыстары аяқталған, жабдықты орнатуға негіз қалануда. Алаңға 600-ге жуық адам және 60 техника жұмылдырылған. Жұмыс жоспарға сәйкес жүруде. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі. «AKSA Energy» түрік компаниясының инвестициясына салынатын жаңа ЖЭО 240МВт электр қуатын өндіре алады. Нысан қазіргі «Қызылордажылуэлектрорталығы» аумағындағы 24,5 гектар жер учаскесінде салынауда.

Әрі қарай облыс әкімі Сол жағалаудағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен бой көтерген мектептің, жеті қабатты тұрғын үйлердің және «Оқушылар үйінің» құрылысымен



танысты. Ұлттық жоба бойынша облыста салынатын 12 300 орынға арналған 21 мектептің биыл 10-ы, алдағы жылы 11-і пайдалануға беріледі. Құрылысы басталатын 11 мектептің жер телімдері белгіленіп, «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамына наурыз айында табысталды.

Өңірде кейінгі 2 жылда 4 мыңға жуық пәтер беріліп, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Осы жылы бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 34 млрд 100 млн теңге қаралды. Жыл қорытындысымен 2,5 мыңнан астам пәтер беріледі.

Заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен салынауда.

Аймақ басшысы құрылыс сапасы басты назарда болуы керектігін айтып, сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктеді.

Қызылорда облысында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жаппай сенбілік ұйымдастырылды.

СЫР ЕЛІНДЕ ЖАППАЙ СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес оған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов және басқарма, аумақтық департамент, республикалық мекемелердің облыстағы филиалдарының басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы бекітілген өңірлік іс-шаралар жоспары бойынша жалғасын табуда. Ақция басталғалы бері санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Оған қатысушылар қоныс қалдықтарын шығаруға, елді мекендердегі скверлер мен парктарды, тарихимәдени ескерткіштерді, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандар аумағын, өзен, көл, су айдындарын, субұрқақтар мен арықтарды, аула-

лар мен көшелерді тазартуға атсалысуда.

Бес кезеңнен тұратын «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мәдениеттің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов және басқарма, аумақтық департамент, республикалық мекемелердің облыстағы филиалдарының басшылары мен қызметкерлері қатысты.

«Таза Қазақстан» онлайн платформасында операторлар, модераторлар мен орындаушылар тұрғындардан түскен өтініштерді уақытылы қарап, жауапты беруде. Республикалық және жергілікті БАҚ-тардағы, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар да көпшілікті ортақ істің аясына бірітуге үндейді. «Таза Қазақстан» telegram-боты бойынша жауапты тұлғалар белгіленіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қала, аудан әкімдіктерінде де жауапты орындаушылар бар.

Telegram-бот туралы ақпарат КСК, ОСИ, тұрғын үйлер мен квазимемлекеттік секторлардың мекемелердің 12 мыңға жуық «Whatsapp», «Telegram» чаттарына таратылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛУДА

Қала тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін шаһарда электр жүйелеріне құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Өткен жылы жобаның 1 кезеңінде 10/0,4кВ 35 КТПБ орнатылып, 27 ТП 10/0,4 қосалқы станциясы жөнделіп, 31,65 шақырым 10/0,4 кВ кабельдік желілер қайта жаңартылды. Биыл 10/0,4кВ 22 КТПБ орнатылуда, 24 ТП 10/0,4 кВ қосалқы станциясы жөнделіп, 56 қосалқы станцияның электр қондырғылары ауыстырылып, 23 шақырым электр желілері қайта жаңартылуда.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ

Ауданда «Нашақорлыққа жол жоқ!» ұранымен балалар мен жасөспірімдер арасында ұлттық жекпе-жек түрінен жарыс өтті. Оған еліміздің Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларынан және ауданнан 180-ге жуық бала қатысып, бақ сынады.

Жекпе-жекке Ақтөбеден келген халықаралық дәрежедегі төреші Әліби Сарин және Шымкенттің ұлттық жекпе-жектен аға жаттықтырушысы Бексұлтан Тұрсынов төрелік етті. Жалпы командалық есеп бойынша Арал ауданы 1 орын алса, Ақтөбе облысы ІІ орын иеленді. Жұлдізді ІІІ орын Шымкент қаласынан келген спортшыларға бұйырды.

МАМАНДАР МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

Елімізде жыл сайын тамыз айының алғашқы жексенбісінде көпшілік қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтіледі. Осыған сәйкес аудандық «Оқушылар үйінде» мерекелік шара өтіп, сала қызметкерлері мен ардагерлері құрметке бөленді. Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет кәсіби мереке иелерін құттықтап, ізгі ниетін білдірді.

Шара аясында бірқатар сала ардагерлері мен қызметкерлері облыс және аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Сондай-ақ аудандағы ТД-23 Қазалы айналым депосының тепловоз машинисті Нұртай Дарменов пен Қазалы пайдалану вагон депосының техникі Жамила Сугуроваға Қазалы ауданының Құрмет грамотасы табысталды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САПАРМЕН КЕЛДІ

Түркістан облысынан бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері ел Президентінің игі бастамасы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында киелі жерлерге экологиялық туризм ұйымдастыруда. Экотуризм делегациясы Қармақшы ауданында, киелі Қорқыт ата мемориалдық кешенінде болды.

Аудан әкімінің орынбасары А.Әнуар, аудандық мәслихат төрағасы Ә.Қошалақов және аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ә.Құлдүйсенов және мемориалдық мұражай директоры Н.Бақтияров кешен басында делегацияға түркі жұртының абызы Қорқыт ата жайлы және ауданның тарихи мен даму жолы туралы мәліметтер беріп, пікір алмасты.

ПАРТИЯЛЫҚ БЕКЕТ

Ауданға қарасты Қаракеткен ауылдық округінен жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысына «AMANAT» партиясының бастамасымен партиялық бақылау бекеті орналастырылды.

Басты мақсат – құрылыс сапасын, бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ жалқының уақытылы берілуін бақылау, мониторинг жұмыстарын жүргізіп отыру. Партиялық бақылау бекетінің жетекшісі болып партия төрағасы Өмірзақ Елеусінов бекітілді.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Тереңөзек кентінде абаттандыру жұмыстары қарқынды жүруде. Бірінші кезекте, санитарлық тазалау, тротуарлар мен тұрғын үйлердің қасбеттерін тиісті қалыпқа келтіру, саябақтарды көріктендіру және көгаландыру жұмыстары іске асырылуда.

Осы орайда, «Жастар аллеясында» биыл абаттандыру жұмысын «Технонастка-Ремсервис» ЖШС атқаруда. Қазіргі таңда аллеяның екі жағы тегістеліп, тас төселіп, бордюрлер орнатылуда. Жалпы мұндағы жұмыс қыркүйек айында аяқталып, қолданысқа беріледі деп күтілуде.

«ҚАН ТАПСЫР – ӨМІР СҢЙЛА!»

Аудандық көпбейінді орталық аурухана мен Қызылорда облыстық «Қан орталығы» бірлесіп, «Қан тапсыр – өмір сыйла!» акциясын өткізді.

Шараның мақсаты – донорлық қанға мұқтаж жандарға көмектесу. Ақцияға Шиелі ауданы әкімі аппаратының, аудандық дербес бөлімдердің, ауылдық округ әкімі аппараттарының және аудандық мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер арасында құрылған «Еріктілер» кеңесінің мүшелері қатысып, игі бастамаға өз үлестерін қосты.

МОНИТОРИНГ ЖҰРГІЗІЛУДЕ

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында мүгедектігі бар жандар үшін кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында Жаңақорған кентіндегі бірқатар мекемелерге мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Топ өкілдері нысан иелеріне анықталған кемшіліктерді уақытылы ретке келтіру керектігін, мүмкіндігі шектеулі жандардың кез келген жерге кедергісіз кіріп-шығуы аса маңызды мәселе екенін айтты.

Мониторинг жұмыстарына аудандық партия филиалының төрағасы Арман Мажитов, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Қалдарбек Тұрабаев пен аудандық мәслихат депутаты Лаура Бибасарова қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

САПА ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынатын мектептер, көпқабатты тұрғын үйлер құрылысына қатысты мәселелер талқыланды.

күнделікті бақылау қажет. Сапа бірінші кезекте сұралады, талап етіледі. Жоспарланған жұмыс тиянақты іске асып, белгіленген уақытта аяқталуы тиіс, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға нысандардың сапасын тұрақты қалағандығын тапсырды.

– Құрылыс алаңдарындағы жұмыстарды

Сондай-ақ жиында облыс орталығы мен барлық ауданда салынатын баспана, өзге әлеуметтік нысандардың құрылыс барысы бағамдалды. Мердігер мекемелерге жұмысты талапқа сай етіп атқару қажеттігі қатаң ескерілді.

СҮЗГІДЕН ӨТКЕН СЕНІМДІ ЖОБАЛАР ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен шағын өндірістік жобаларды жүзеге асыру бойынша мәжіліс өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары мен жауапты сала басшылары қатысты.



Айта кету керек, кешегі жиында аймақ басшысы нақты, пайдалы, қажетті жобаларды жан-жақты сараптап өткізіп барып ұсынды тапсырған болатын.

– Қала, аудан әкімдеріне шағын өндірістік жобаларды ұсыну жөнінде тапсырма берілді. Оларды жан-жақты зерделеп, нақтылаңыздар. Жұртшылықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті, пайдалы, тиімділеріне қолдау көрсетуге дайынбыз. Жобаларды «Ауыл аманаты» бағдарламасымен және «Байқоңыр» ӘКК арқылы қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізіңіздер.

Бұдан бөлек, қала, аудан әкімдеріне негізгі тұтыну тауарларының 65 түрі бойынша көрсеткіштерді қалпына келтіру жөнінде тапсырма бердім. Бұл тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуы жеке бақылауымда болады, – деді облыс әкімі.

Биылға «Ауыл аманаты» бойынша республикалық бюджет есебінен 4,6 млрд теңге қаралған. Орта есеппен 8 млн теңгеден алғанда 575 жобаны қаржыландырып, 610 жұмыс орнын ашу көзделген. Жалпы облыс бойынша 154 жобалық топ құрылып, 146 ауылдық округте скрининг жұмыстары толығымен жүргізілді.

Бағдарламаға барлық елді мекенді бірдей қатыстыру үшін халық санына қарай ауылдық округтерді түгел қамту жоспарлануда.

Ауылдардың мамандануын ескере келе, несие қаржысы 4 бағытқа бағытталды. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласына 108 жоба, егіншілік саласына 81, мал шаруашылығына 123, басқа да түрлі бағытқа 263 жоба.

Бүгінде «Ауыл аманатының» жобалар пулы қалыптастырылып, қаржыландыру күтілуде.

БАЛЛ мен БАҚ: Енді қандай мүмкіндіктер бар?

Ол ата-аналар мен балалардың қуаныш жасын көріп, бірге қуанғанын айтты. Грант алу мүмкіндігі әлі де барын назарға салды. Су тасқынынан зардап шеккен аймақтар үшін квота қарастырылғанымен, сол аймақтардың талапкерлері жалпы конкурсе бойынша грант ұтып алған. Грант алғандардың тек 1130-ы немесе 1,7%-ы мүмкіндікті пайдаланған. Оның сөзіне қарағанда, 3 мыңға дейін талапкер гранттан бас тартуы мүмкін. Ол келесі жоғары балл жинаған талапкерлерге беріледі. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың, яғни әкімдік гранттары бар. KazEnergy қауымдастығының, Қ.А.Ясауи атындағы ЖҚТУ-де білім алу үшін Түркия Республикасының 500 грантын, жұмыс берушілер мен Түркістандағы Халықаралық туризм және қонақжайлылық университетінің 800 мақсатты грантын қосуға болады. Қазақстан халқына қоры 850 грант бөлсе, Тұран-Астана университеті «Алтын белгі» иегерлеріне грант бөледі. Министр грант ала алмағандарға осы мүмкіндікті барынша пайдалануға шақырды.

құрылған. Ал байқауға қатысатын сарбаздар бәрін онлайн режимде көре алады.

Осы жылдың күзінде бастап мерзімді әскери қызмет кезеңінде көзге түскен жастар тегін білім алуға мемлекеттік грант алып қана қоймай, шәкіртқа да алады. Бұдан бөлек, бірінші оқу жылы ішінде жоғары оқу орындарының жатақханасынан міндетті түрде орын бөлінеді. Биыл Қарулы күштер, Ұлттық ұлан мен Төтенше жағдайлар министрлігінің қатарында қызмет еткен 16 630 сарбаздың 10 268-і жеңілдікпен жоғары білім алуға шешім қабылдаған. Былтыр көктемде әскерге шақырылған сарбаздар тегін оқуға түссе, биыл күзгі шақырылымның сарбаздары арасында 1,5 мың орын таратылады. Бүгінде Қорғаныс министрлігінің бастамасымен «Срочники 2.0» цифрлық платформасы әзірленді. Сол жерде сарбаздардың жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлығына баға қойылады. Осылайша, іріктеу ашық жүргізіледі. Ал тегін орындар әрбір сарбаздың бағасына қарай автоматты түрде таратылады.

Мемлекеттік грантқа қол жеткізе алмаған өңірдің түлектеріне жыл сайын облыс әкімінің гранты бөлінеді. Мәселен, 2013-2024 жылдар аралығында 1425 студент облыс әкімінің грантын иеленіп, оның 979-ы оқуды бітірген. Олардың 450-і жұмыспен қамтылып, 91-і

жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылған.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаявтың айтуынша, биыл 102 студент оқуды аяқтап, диплом алған.

– Оларды жұмыспен қамту мақсатында «жұмыс іздеуші» ретінде тіркеуге алып, жастар тәжірбиесі, «Ұрпақтар сабақтастығы» мен «Алғашқы жұмыс орны» жобалары бойынша жұмыспен қамту шаралары жүргізілуде. Облыс әкімінің қолдауымен 100 студентке облыстық бюджеттен 99,3 млн теңге қаражат бөлініп, аудан, қала бюджеттеріне енгізілді, – деді басқарма басшысы.

Алдағы жылдарға жасалған облыстың еңбек ресурстарының балансына сәйкес мамандар тапшылығын және алдағы уақытта өңірде жүзеге асырылатын бірқатар инвестициялық жобалардың іске қосылатынын ескере келе бірнеше мамандықтарға грант бөлінген. Атап айттар болсақ, медициналық мамандықтарға 15, су ресурстарын басқару, экология және табиғатты пайдалануға 6, құрылыс және тау-кен ісіне 6, агрономияға 6, инженерлік мамандықтарға 14, өнер саласына 15, мал шаруашылығына 13, азық-түлік өнімдерін өндіру және көлікті пайдалану технологияларына 23, дінтану мамандықтарына 2 грант даяр-

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

24 шілде 2024 жыл

№109

Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық мәслихатының  
2024 жылғы 24 шілдедегі №109 шешіміне  
4-қосымша

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНДА ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ (жергілікті атқарушы органның есебіне қорытынды)

Мазмұны

- 1. ҚІРСІПЕ
- І БОЛІМ. ОҢИРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ
- ІІ БОЛІМ. ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТАЛДАУ
- 2.1. Жергілікті бюджетке түскен түсімдерін атқаруына бағалау
- 2.2. Жергілікті бюджет кірістерін атқаруына бағалау
- 2.2.1. Салықтық түсімдерді талдау
- 2.2.2. Салықтық емес түсімдерді талдау
- 2.2.3. Негізгі капиталды саудан түскен түсімдерді талдау
- 2.2.4. Трансферттер түсімдерін талдау
- 2.3. Жергілікті бюджет шығыстарының атқаруына бағалау
- 2.3.1. Жергілікті бюджет шығыстарының атқаруына талдау
- 2.3.2. Бюджеттік кредиттердің пайдалануына талдау
- 2.3.3. Қаржы активтерін сатып алуға жұмсалған шығындарына талдау
- 2.3.4. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау
- ІІІ БОЛІМ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ БАҒАЛАУ
- 3.1. Қызылорда облысының даму жоспарының іске асырылуына бағалау
- 3.2. Өңірде басқа да бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ақпарат
- ІV БОЛІМ. ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША НӨТІЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ
- 4.1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігін бағалау
- 4.2. Бюджеттік қаржылардың әкешілігінің бюджет қаражатының пайдалануы тиімділігін бағалау
- 4.3. Мемлекет активтерінің пайдалануы тиімділігін бағалау
- 4.4. Қызметкерлік сектор субъектілерінің активтерінің пайдалануы тиімділігін бағалау
- V БОЛІМ. ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТТІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕНТІЛІГІН БАҒАЛАУ
- VI БОЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК
- 6.1. Тұжырымдар
- 6.2. Қосымшалар
- ЕСЕПКЕ ҚОСЫМШАЛАР
- 1. Қосымша материалдар (кестелер, диаграммалар)
- 2. Тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі жұмысы туралы ақпарат

ҚІРСІПЕ

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында өзінің мақсаты бойынша жергілікті атқарушы органның есебіне қорытынды болып табылатын 2023 жылғы облыстық бюджеттің атқаруы туралы есепті (бұдан әрі – Есеп) әзірледі.

Есеп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астанаңдық мәслихаттарына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астанаңдық тексеру комиссияларының есепті қаржау жиналудағы жергілікті бюджеттің атқаруы туралы есепті қалыптастыру мен ұсынуына қойылатын рәсімдік талаптарды қамти отырып әзірленді.

Есепте 2023 жылғы облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері ұсынылған, облыстық бюджеттің атқаруына аналитикалық қорытындылар көрсетілген, жергілікті бюджеттің түсімдері мен шығыстарының атқаруына, бюджеттік кредиттердің атқаруы мен өлеуіне талдаулар жасалынып, бюджетке түсетін түсімдерін толықтығына, нысанына трансферттерді, бюджеттік кредиттердің пайдалануына, облыстық бюджеттің дебиторлық және кредиторлық берешектеріне бағалау жасалды.

Қызылорда облысының даму жоспарына және басқа да аудандық бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы жөніндегі ақпараттар мен бюджеттік инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына, мемлекет активтерінің, қызметкерлік сектор субъектілерінің активтерінің пайдалануының тиімділігін бағалау.

Жүргізілген талдау негізінде Қызылорда облыстық бюджетінің атқаруы сапасын және тиімділігін арттыру бойынша тиісті тұжырымдар қалыптастырылып, ұсынылған берілген.

Тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жұрты бойынша қызметінің қорытындылары Есепке қосымшаларда берілген.

Тексеру комиссиясы тарапынан 7 аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінің және 146 аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің 2023 жылғы атқаруына бағалау жүргізіліп, нәтижесімен әзірленген есептері тиісті мәслихаттарға белгіленген мерзімге 2024 жылдың 20 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылды.

**I БОЛІМ. ОҢИРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Қызылорда индустриялық-аграрлық облысы, аумағы 226,0 мың шаршы шақырым болып республика аумағының 8,3%-ын алып, Қазақстанның өңіретіндегі орналасып, құрылығана 2023 жылғы 85 жыл болған. Халық саны 841,8 мың адамды құрайды. Оның ішінде қалда тұратын халық саны 395 мың адам (46,9%). Облыс халқының 96% қазақтар, 1,3%-ы орыстар, басқа ұлт өкілдері – 2,4%.

Облыста 7 аудан, 1 облыстық маңызы бар қала, 2 аудандық маңызы бар қала, 2 қалалық маңызы бар кент, 142 ауылдық округ, 230 аудандық елді мекен бар. Облыстың әкімшілік орталығы Қызылорда қаласында 317 мың тұрғын қоныстанған.

Қызылорда облысы экономикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің орналасуы мынадай болып отыр.

Жалпы өнімді көлемі 2023 жылдың қорытындысымен 2417,4 млрд теңгені болып, нақты көлемі индексі 102,4 пайызды құрады (республика өлдері арасында – 110 орын).

Облыс экономикасына мұнай-газ секторы айқындалуы сапа болып табылады.

Өнеркәсіп кәсіпорындарымен 2023 жылғы 1023,9 млрд теңгені оның өндіріліп, 2022 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,6%-ды құрады.

Өнеркәсіп өндірісі көлемінің басым бөлігі 64 пайызға тау-кен өндіру өнеркәсібі аласа, ал 30,1 пайызын өндіру өнеркәсібі алып отыр.

**Өнеркәсіп өнімді өндіру көлемі динамикасы, млрд теңге**

Көрсеткіштер	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Өнеркәсіп барлығы	653,6	808,6	978,0	1023,9
Тау-кен өнеркәсібі	453,6	561,3	669,2	654,3
Өндіріс өнеркәсібі	19,9	126,6	250,7	307,8
Экспорт өнеркәсібімен	35,6	45,1	47,7	-30,9
Жалпы өнімді өндіру	8,2	9,6	10,3	10,8
Суен жабдықтау, жергілікті әкімдер, қалалардың жиналуы және болуының бақылауы				1,0

Облыс экономикасының тағы бір маңызды саласы бұл – ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінің жалпы аумағы бақылау.

**Ауыл шаруашылығы жалпы өнім өндіру көлемі динамикасы, млрд теңге**

Көрсеткіштер	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Барлығы	145,5	172,9	190,3	224,0
Өсімдік шаруашылығы	89,5	108,6	117,7	141,7
Мал шаруашылығы	52,8	60,9	68,3	77,7

2023 жылғы облыстық бюджет бойынша 195,3 мың тектара етін өлтірген, оның ішінде 100,2 мың тектара аяқшыл дақылдар (оның ішінде 88,9 мың тектара ина шүбер), 4,5 мың тектара майлы дақылдар, 19,8 мың тектара қоян-бақа, картоп дақылдары, 69,2 мың тектара мал азығы дақылдары өлтірген.

**Еткі көлемі мен құрылымы динамикасы, мың тектара**

Атауы	2022 жыл	2023 жыл	Ауытқу (%)
Еткі көлемі, оның ішінде:	188,5	195,3	+6,8
данал дақылдар (оның ішінде күрші)	91,7	100,2	+8,5 (10,3)
майлы дақылдар	5,9	4,5	-1,4
қоян-бақа, картоп дақылдары	21,4	19,8	-8,0
мал азығы дақылдары	71,3	69,2	-2,1

Данал дақылдар еткісі көлемінің 88,7%-ын құрай отыр. 2023 жылғы 436 мың тонна күрші жиналып, әр тектарының орташа есеппен 49,1 центнерден өнім жиналған.

**Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру динамикасы, мың тонна**

Мал еті мен қуы еті тіршілігі салмақта	2022 жыл	2023 жыл	Ауытқу (%)
сүндіріс сүт	40,6	41,3	+0,7
сүндіріс сүт	93,6	94,9	+1,3

Мал шаруашылығы саласында мемлекет тарапынан қорғалған қолдаулардың нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда мал басқаны қатар өнім өндіру көлемінің артуы қалыптасқан.

2023 жылғы тіршілігі салмақта мал және қуы еті көлемі 41,3 мың тонна, ал өндірілген сүір түсіні көлемі 1,4 пайызға артып бақыдалды.

Мүйізді ірі қара сүні 27,6 мың басқа немесе 75%-ға, түіне 2,9 мың басқа немесе 5,0%-ға, қой мен ешкі 87,9 мың басқа немесе немесе 12,0%-ға артып.

**Мал мен қуы санының өзгеру динамикасы, мың бас**

Мүйізді ірі қара	2022 жыл	2023 жыл	Ауытқу (%)
Жылқы	382,1	409,7	+72,6
Түйе	21,4	19,8	-8,0
Қой мен ешкі	58,6	61,5	+2,9
Қой мен ешкі	731,6	819,5	+87,9

2023 жылғы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 486,5 млрд теңгені құрады немесе 2022 жылдың тиісті кезеңіне 114,2%.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың қаржыландыру көздерінің құрылымы келесідей болды:

- 40,3 млрд теңгесі республикалық бюджет,
- 93,1 млрд теңгесі жергілікті бюджет,
- 282,9 млрд теңгесі меншікті қаражат,
- 5,4 млрд теңгесі банкілердің кредиттері,
- 64,8 млрд теңгесі басқа да қарыз қаражаттары есебінен құралған.

Негізгі капиталға салынған инвестицияның шығындар түрлері бойынша құрылымы келесідей болды:

- ғимараттар мен ғимараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар – 332,8 млрд теңге,
- ғимараттардың, жабдықтау және қолқ құралдарын сатып алуға және күрделі жөндеуге кеткен шығындар – 110,8 млрд теңге,
- негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар – 42,8 млрд теңгені құрады.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 183,4 млрд теңгені құрады немесе 2022 жылғы тиісті кезеңіне 140,4%.

**Басы тікелген сандары**

2023 жылғы 740,7 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілген немесе 2022 жылдың тиісті кезеңіне 108,4%.

Жұмыспен қамту.

Жұмыссыздық деңгейі – 4,9% (2023 жыл). Жұмыспен қамтылған халық саны – 331,5 мың адамды, жұмыссыз халық саны – 17,0 мың адамды құрады.

2023 жылдың қаңтар-желтоқсанда орташа айлық жалақы көлемі 310 926 теңгені құрап, 2022 жылға қарағанда 18,6%-ға артып.

Тұтыну бағаларының индексі 108,8%, оның ішінде азық-түлік тауарлары – 108,4%.

Әлеуметтік сапа.

Әлеуметтік сапаға 368,1 млрд теңге қараған, оның ішінде білім саласына – 273,7 млрд теңге, денсаулық сақтау саласына – 21,0 млрд теңге.

2023 жылғы Қызылорда облысында 1650 орындақ 6 мектептік, 4 оқу қорытын, оқушылар үйі, 300 орындақ жатақханасымен бірге 400 отандық физика-математикалық бағыттағы интернат мектепін және «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 6900 орындақ 10 мектептің құрылыстары жүргізілді.

Оның ішінде 1850 орындақ бастауыш сыныптарға арналған 4 оқу қорытынның құрылыстары, Қызылорда қаласы Жезқазған тау жылы бойында 600 орындақ Шығай ауданы Байқас елді мекеніндегі 250 орындақ №207 және Қазалы ауданы Өткешке білім кентіндегі 250 орындақ мектеп, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінде Майбек мөлтек ауданындағы 300 орындақ мектептің құрылыстары пайдалануға берілді.

2023 жылғы денсаулық сақтау саласында 21 нысанның құрылыстары жүргізілді. Олар Қызылорда қаласының ескі жағалауында жылына 5000-10000 донациялық облыстық кент орталығы, Қызылорда қаласында ауысымына 100 келушіге арналған емханасымен бірге 300 тосектік көпбейлі аурухана (онкологиялық бөлімшесімен бірге), Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 тосекке арналған ауылдық аурухана құрылысы және 16 амбулатория мен 2 медициналық бекеттің құрылыстары.

Олардың ішінде пайдалануға берілген: 15 дәрігерлік амбулатория мен Қызылорда қаласындағы Досан ауылдағында медициналық бекет құрылыстары.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында жөндеуді қажет ететін жылумен жабдықтау желілерінің үлесі 92,7 шақырымды немесе жалпы ұзындығының 44,6% құрайды.

Автомобиль жолдары реконструкциялауға, күрделі жөндеуге және орташа жөндеуге, күтіп ұстауға 2,2 млрд теңге қараған.

Қонысқа қауіпсіздік.

Ағымдағы жылдың 125-ке дейін тіркелген қылмыстар санының 9,0%-ға төмендегені (2827-тен 2573-ке дейін), оның ішінде ауыр қылмыстар санының 14,3%-ға (901-ден 1030-ға дейін) азайғаны байқалады.

Орташа ауырлықтағы қылмыстардың саны 24,3%-ға (1301-ден 985-ке дейін) төмендегені тіркеліп, аса ауыр қылмыстардың саны 32,3%-ға (62-ден 42-ге дейін) төмендеуі тіркелген.

**II БОЛІМ. ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛДАУ**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 153 шешімімен, оның 2023 жылғы облыстық бюджет мынадай көлемде бекітілген:

1) кірістер – 485 364 608,0 мың теңге, оның ішінде салықтық түсімдер – 36 804 705,0 мың теңге, салықтық емес түсімдер – 3 540 402,0 мың теңге, негізгі капиталды саудан түсетін түсімдер – 10000,0 мың теңге, трансферттер түсімі – 445 009 501,0 мың теңге.

2) шығындар 485 688 899,0 мың теңге.

3) таза бюджеттік кредиттеу – 2 218 298,0 мың теңге, бюджеттік кредиттер – 8 864 767,0 мың теңге, облыстық емес түсімдер – 11 083 065,0 мың теңге.

4) қаржы активтерін операциялар бойынша сатпау – 0 теңге, оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге, мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0.

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 1 894 007,0 мың теңге.

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – «1 894 007,0» мың теңге.

Облыстық бюджет параметрлерін нақтылау және түзету тәжірибесі есепті жылды қайталауы.

Бюджеттің атқаруында бюджеттік барлық бюджет түсімдерінің түрлерін толық және уақытлы түлеумен, оларды Бірыңғай қазынашылық шотына есептеп алуды және бюджеттік бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру мақсатында Бірыңғай қазынашылық шотының төлемдер мен аударымдары уақытлы жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

2023 жылғы облыстық бюджеттің түсімдері (қарыздардың түсімі мен бюджеттік кредиттер өтеуі есебіне алғанда) 577 738 615,2 мың теңге, 582 108 912,7 мың теңге немесе 100,8 пайызға артылды 4 370 297,5 мың теңге артық түскен, оның ішінде кірістер болжамы 100,8 пайызға артылды 4 314 418,1 мың теңге артық түскен, бюджеттік кредиттерді өтеу болжамы 100,5 пайызға артылды, 55879,4 мың теңге бюджетке артық түскен, қарыздар түсімін болжамы және трансферттер түсімдері 100,0 пайызға артылды.

2023 жылғы облыстық бюджеттің атқаруы барысында облыстық бюджеттің өз кірістерінің нақтыланған болжамы 51 405 951,6 мың теңге 55 720 369,6 мың теңгеге немесе 108,4% артылды, 4 314 418,0 мың теңге артық түскен. Оның ішінде салықтық түсімдерінің түсімі 42 206 883,9 мың теңге 45 066 880,3 мың теңгеге немесе 106,5% артып түскен, 2 759 996,4 мың теңге, салықтық емес түсімдерін болжамы 9 024 092,7 мың теңге 10 576 924,6 мың теңгеге немесе 117,2% артылды (артық түскені 1 552 831,9 мың теңге), негізгі капиталды саудан түсетін түсімдері жоспары 74 975,0 мың теңге, түскені 76564,7 мың теңге немесе 102,1% (артық түскені 1589,7 мың теңге).

Жалпы 2023 жылғы салықтық түсімдер 106,5%, салықтық емес түсімдер 117,2% және негізгі капиталды саудан түсетін түсімдер 102,1% артылды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджет қаражаттарының қалдығы 6 302 589,4 мың теңгені құрап, қаржы жиналының басындағы бюджет қаражаттарының қалдығымен салыстырғанда 4 721 465,3 мың теңгеге артып.

Мәслихат шешімі орындалған 2023 жылғы 13 желтоқсандағы әкімдігі 19.12.2022 жылғы «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 шешімі іске асыру туралы» №690 қаулысы қабылданып, жалпы 2023 жылғы облыстық бюджет 6 рет нақтыланса, 14 рет облыстық бюджетке түзетулер жүргізілген.

2.1. Облыстық бюджетке түскен түсімдерін атқаруына бағалау

2023 жылғы облыстық бюджеттің түсімдері болжамы «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №153 шешімімен, оның 2023 жылғы облыстық бюджеттің бекітілген түсімдері болжамының құрылымында кірістердің үлесі – 96,1%-ды (485 364 608,0 мың теңге), өтелген бюджеттік кредиттердің үлесі – 2,2%-ды (11 083 065,0 мың теңге), қарыздар түсімдерінің үлесі – 1,7%-ды (8 864 511,0 мың теңге) құрады.

Жыл көлемінде жүргізіліп, бюджетті нақтылау мен түзетулердің нәтижесінде облыстық бюджет түсімдерінің жоспары 577738615,2 мың теңгені құрап, бекітілген бюджеттен салыстырғанда 72664431,2 мың теңгеге немесе 14,4%-ға артып.

2023 жылдың қорытындысымен облыстық бюджеттік түсімдер болжамы 100,8%-ға артылды, нақты 582 108 912,7 мың теңге түскен. Яғни, түзетілген болжамнан 4 370 297,5 мың теңге қаражат түскен, оның ішінде: кірістер болжамы 100,8 пайызға артылды 4 314 418,1 мың теңге артық түскен, бюджеттік кредиттерді өтеу болжамы 100,5 пайызға артылды, 55879,4 мың теңге артық түскен, қарыздар түсімін болжамы 100,0 пайызға артылды.

Жыл басында қалыптасқан бюджет қаражатының бас қалдықты 1 581 125,8 мың теңге толық көлемде жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға бағытталған.

**2023 жылғы облыстық бюджеттің түсімдері туралы ақпарат**

Түсімдер	2022 жылғы өсетін	2023 жылғы бекітілген	Түзетілген бюджет	Атқаруы	(+/-)	Атқаруы	(+/-)	%
Түсімдер	497982011,5	505074184,0	577386152,2	582108912,7	4370297,5	100,8	84126901,2	116,8
Кірістер, оның ішінде:	474617479,9	485364608,0	589228423,4	553242841,5	4314418,1	100,8	55266830,0	111,1
Салықтық түсімдер	3463139,3	36804705	42306883,9	45066880,3	2759996,4	106,5	10435484,7	130,1
Салық емес түсімдер	6004557,7	3540402	9024099,7	10576924,6	1552831,9	117,2	4572366,8	176,7
Негізгі капиталды саудан түсетін түсімдер	64416,8	10000	74975	76564,7	1589,7	102,1	12147,9	118,8
Трансферттер	434061380,2	445009501	497522471,8	497522471,9	0,1	100,0	63461091,6	114,6
Бюджеттік кредиттерді өтеу	10999972,6	11083065	11232111,8	11789912,2	10058974,9	100,4	279018,6	102,5
Қарыздар түсімдері	12220289,0	8262511	17587080,0	17587080,0	0	100,0	5366791,0	143,9

Дереккөзі: Облыстық экономика және қаржы басқармасының бюджеттің атқаруы туралы есебі

2.2. Облыстық бюджет кірістерінің атқаруына бағалау

Жалпы кірістер 2023 жылдың басында 485 364 604,0 мың теңгеге бекітілсе, жыл ішінде 548 928 423,4 мың теңгеге түзіліп, нақты түскені 553 242 841,5 мың теңгеге немесе 100,8 пайызға артылды 4 314 418,1 мың теңге артық түскен, оның ішінде салықтық түсімдер 106,8 пайызға артылды 2 759 996,4 мың теңге, салықтық емес түсімдер 117,2 пайызға артылды 1 552 831,8 мың теңге, негізгі капиталды саудан түсетін түсімдер 102,1 пайызға артылды 1589,7 мың теңге артық түссе, трансферттер түсімі 100,0 пайызға артылды.

**Кірістер атауы**

Бекітілген	Түзетілген	Атқаруы	%	Артық, кем түскені
Салықтық емес түсімдер	36804705	42306883,9	116,5	2759996,4
Негізгі капиталды саудан түсетін түсімдер	10000	74975	76564,7	102,1
Трансферттер	445009501	497522471,8	112,9	525147,0
Жалпы	485364608,0	548928423,4	113,1	4314418,1

Жоғарыдағы кестелдегі көрсеткіштерін талдай келе 2023 жылғы болжамдан жоспарлар артық түскені орнында, кірістердің артуына қол жеткізілген.

Облыстық бюджет кірістерінің құрылымында негізгі көздер трансферт түсімдері мен салық түсімдері болды, олар тиісінше 90,7% және 7,7% құрады.

Қызылорда облыстық бюджетінің 2023 жылғы кірістер болжамы 485 364 608,0 мың теңге көлемінде бекітіліп, 2021 жылмен салыстырғанда 88 186 979,0 мың теңгеге (39717629,0 мың теңге), 2022 жылмен салыстырғанда 48 882 024,0 мың теңгеге (45482584,0 мың теңге) артып отыр. Есепті жылғы жүргізіліп, бюджетті нақтылау мен түзетулердің нәтижесінде облыстық бюджет кірістерінің жоспары 548 928 423,4 мың теңгені құрап, бекітілген бюджеттен салыстырғанда 63 565 815,4 мың теңгеге немесе 11,3%-ға артып.

**2023 жылғы қорытындысы бойынша облыстық бюджет кірістерінің құрылымы**

Салықтық түсімдер (7,7%)	Салықтық емес түсімдер (1,6%)	Негізгі капиталды саудан түсетін түсімдер (0,01%)	Трансферттер түсімдері (90,7%)
42 306 883,9	9 024 092,7		



/// БРИФИНГ

## АЛТЫ АЙДЫҢ КӨРСЕТКІШІ ҚАНДАЙ?



Осы жылдың 6 ай көлемінде ішкі мемлекеттік аудит департаменті қызметкерлері барлығы 57 аудиторлық іс-шара жүргізді. Айта кетейік, аталған департамент қарауына өтініштер мен шағымдар көптеп түседі. Олардың дені мемлекеттік сатып алу мәселесі бойынша және еңбекақы есептеу, құрылыс саласындағы заң бұзушылықтарға қатысты. Бұл туралы ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Ербол Күзембаев мәлімдеді.

– Өздеріңізге белгілі, Ішкі мемлекеттік аудит органдары – Мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталуына бақылау жүргізетін уәкілетті орган. Департамент тарапынан мемлекеттік аудит объектілеріне анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы барлығы 57 нұсқама жолданып, оның 36-сы толығымен орындалса, қалған 21 нұсқама орындалу мерзімі келмеген, яғни, алдағы уақытта олардың толық орындалуы қатаң бақылауға алынып болады. 2024 жылдың I жартыжылдығында білім беру ұйымдарында артық еңбекақы аудару және нақты жұмыс жасамайтын тұлғаларға еңбекақы есебінде ақша қаражаттарын аудару бойынша анықталып, соның негізінде 3 мемлекеттік аудит материалдары құқық қорғау органдарына процессуалдық шешім қабылдауға жолданды, – деді департамент басшысы.

«СБ» ақпарат

## БАЛАҒА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Терезеден құлау фактісінің тіркелуіне басты себеп – балалардың қараусыз қалуы дейді мамандар. Сондықтан да сақтық шарасына бейжай қарамау – әр отбасының алдында тұрған жауапты міндет. Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы Бейбітхан Спанов аталған мәселе туралы бірқатар ақпаратпен бөлісті.



– «Өзінен баста» челленджінің мақсаты – балалардың терезеден құлап кетпеуін қадағалау. Барша ата-аналарды, тұрғындарды осы челленджді үн қосып, қатысуға шақырамыз. Балалардың терезеден құлау фактісінің себебі – ата-аналардың оларды бақылаусыз қалдыруы. Сондай-ақ терезеден уақытша бекіткіш торлардың болмауы мен москит торларының берік бекітілмеуі және балалардың терезенің алдында ойнауы тікелей себеп болып отыр. Одан бөлек, аудандық ТЖ бөлімінің және қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп отырып, аудан және қала бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, қала аумағында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлер және мини-маркет, сауда орындарына үнпарақтар таратылды, – деді Бейбітхан Оразайұлы.

Жалпы жүргізіліп жатқан үгіт-насихат жұмыстарына қарамастан 6 айда облыс бойынша балалардың терезеден құлауының 12 фактісі тіркеліп, салдарынан 1-7 жас аралығындағы 13 бала түрлі жаракат алған. Мұндай қайғылы жағдайлар орын алмас үшін сақтық шаралары қатаң жүргізіледі.

Ең бастысы – бала қауіпсіздігіне ата-ана жауапты болуы тиіс.

Аружан ЕРАЛЫ,  
«Сыр бойы»

## БОЛАТ ЖОЛДАН БАСТАЛҒАН БЕРЕКЕ

Нұрманұлы Әйменнің 8 ұлынан тараған ұрпақтары аймақтың оңтүстік аудандарында, Түркістан, Астана, Алматы қалаларында өмір сүріп, еңбек етуде. Арғы ата-әжелері, әке-аналары жайлы ел ішінде жақсы әңгімелерді естіп, қуанады, марқаяды. Жиырмасыншы ғасырдың басында «Беріойнақ» ауылының жанынан «Орынбор-Ташкент» теміржол құрылысының жұмысы қызу жүріп жатқан болса керек. Орынбордың жол мамандары жергілікті халықты тұрақты жұмысқа шақырып жатқан уақыты. Ағалы-інілі Әймен мен Тілеуберген ауылдастарымен бірге ықпал-пейілдерін, күш-жігерлерін ірікпей еңбек еткендеріне орынборлықтар орысшалап «жақсы, жақсы» деп айтқанына риза болып «бізді біледі екен ғой» деген әңгімелері ел ішінде тарап кетіпті.



Сол кісілердің ізін алып Беркінбай, Серікбай, Бексұлтан, Нұрсұлтан, Қонысбек, Пілманбек, Тұрғали, Ергали, және тағы басқалары, теміржолдың, одан әрі халық шаруашылығының барлық салаларында абыройлы еңбек етті. Әсіресе Айдардың Тұрсынқожасы, Тұтқабайдың Нұралысы, Болатбектің Құлжабегі суырлы ерекше көрінді. Ат жалын тартып, бойын тіктеп азамат атанғаннан Нұралы Тұтқабайұлы білімге деген құштарлығымен, ой-өрісінің ғаламат ауқымдылығымен ерекшеленді. Қайраты, білімі тасыған жас жігіт «Беріойнақ» бекеті мен «Түркістан» станциясына қарасты теміржолдың сан саласында уақытпен есептеспей қызмет етті. Отбасын құрды. Түркістанда жұбайы Тұрғанқұл Мұсақызы тұңғышы Сұлтанхан мен Төреханды өмірге әкелді. 1958 жылы Ташкенттегі теміржол техникумына өндірістен көл үзіп, оқуға түседі. Бірінші курсты аяқтап, «Тойтөбе» және «Жылға» станцияларындағы өткізген өндірістік тәжірибе сынақтары бойынша, бұрын ешбір оқушы иеленбеген Ташкент теміржолы басшылығы мен кәсіподақтары қызметкерлері орталық комитетінің құрмет грамотасымен марапатталды. Өмірінде қанша мадақталса да, «осы марапатымның

орны бөлек» деп, ол кісі жиі айтып отыратын еді.

Техникум сабағынан қолы босай салысымен не қанша аралығында, өндірістік тәжірибеге бара не келе жатқанда кіндік қаны тамған №27 «Беріойнақ» теміржол бекетіндегі болат жол мамандарымен кездесуге асығады. Бекет бастығы Жорабек Мырзабаев, кезекші Қалқоз Түкібаев, бекеттегі бастауыш мектептің жетекшісі Сұлтанбек Өтегенов, жолшылар: Әсетулла Омаров, Айтбай Дүйсенбаев, карт жолшылар: Шпан Мампаев, Төлеу Шонабаев, Ділдабек Сапаров, партия ұйымының өкілі Шаймерден Сауранбаев және тағы басқа көптеген кісілер бұл студент баламен кездесуді үлкен құрмет тұтты.

Нұралы Әйменовке ғана тән байсалдылық, сабырлық Ташкент оқу орнының техникум деген атауы болмаса институт, университеттердегі терең білім беру өнегесінің барлығы, бай шеберханасы, ұстаз профессорлардың мол мағұлматы, тек оқы, білім ал, еліңе, жеріңе, пайдан тисін дегенді меңзейді. Техникумды қызыл дипломмен үздік бітірген Н.Әйменов Қызылорда теміржол бөлімшесінің Шиелі жол дистанциясында және Жаңақорған бөлімінде

жұмыс жасады. Кейінгі ұлдары Бақытхан, Сейтмахан, Мейрамхан, Дәулетхан, қызы Шынар осы уақытта дүниеге келді.

«Темірдей тәртіп тек теміржолға ғана тән». Осы қағидат өмір бойы санасына әбден сіңді. Ұл-қызына білімді, адал, абыройлы, кісі ақсын жемей еңбек етуді, дұрыс жүрсен, өзге келіп сені бұрыс жолға сала алмайды деген сенімде өмір сүруді үйретті. Соны айналасындағылардан талап етті. Бос әңгіме, лотуасыз талқылауларға жоқ кісі еді. Пошта тасымалдаушыны көрісімен жүрегі жарылардай қуанып, «енді мені мазаламаңдар» деп бір құшақ газет-журналды оқуға кірісетін еді.

Нүрекеннің өзінен кейінгі інісі Тұрғали Шиелі аупаркомында тексеру комиссиясының мүшесі, аудандық пошта байланыс мекемесінің жетекшісі болып қызмет етті. Замандастарының ішінен іскерлігімен, білімдарлығымен, өткірлігімен көптің көкейінде қалған тұлға еді. Өмірі қысқа болды бауырының.

Алматы медицина институтын бітірген Ергали інісі Қызылордада бірқатар емдеу орындарының бас дәрігері болды. Келіншегі Нина да балалар дәрігері ретінде медицина саласында ұзақ жыл еңбек етті.

Туған қарындасы Рысқұл де Шиелі аудандық тері аурулары ауруханасының бас дәрігері болып қызмет етті. Осы бауырларына Нұралы Әйменов өмірлік бағдаршам, үлгі болып өтті. Мойнына асылатын немерелерінің ыстық ықыласы, қуанышты күлкілері өз алдына бір бөлек әлем еді.

1960 жылдары «Қызылорда» су торабынан төменгі сол жағалаудағы «Шіркейлі» каналының бойындағы Терез-өзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарының жерлері ирригациялық бір жүйеге келтіріліп, күріш егістігінің көлемі артып, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің қатары бұрын-соңды болмаған мыңдаған адамға жеткізілді.

1960 жылдан кейін осы бетбұрыс Жаңақорған ауданында белең алды. Жүздеген жыл бойы кенересі кеуіп, шөлді-шөлейт болып жатқан жерлер жасыл желекті аймаққа айналуда бет бұрды. Республикалық «Лавриссов хозстрой» бас басқармасына қарасты «Қызылорда мелиорация» мекемесі Жаңақорған ауданындағы

болашақ күршіткі жерлерді тегістеу, су тораптарымен тоғандарды, шлюздерді салу, әлеуметтік тұрғын үйлермен қамтамасыз ететін №34 жылжымалы-механикаландырылған коллонаны құрды. Міне, осы мәселеге байланысты теміржол саласынан Нұралы Тұтқабайұлы Әйменов шақырылды.

Осы ПМК-34 мекемесінің бас инженері, «Задария» савхозының директоры, аудан әкімінің бірінші орынбасары, облыс әкімінің орынбасары, облыстық аумақтық басқарма бастығы болып қызмет еткен Бақыт Әбдіғарұлы Нұртазаев төмендегіше әңгіме тиегін ағытады.

– Мекемеге бүгін, ертең, арғы күні не керек? Осы керектің бәрі жоспарлау бөлімі арқылы жүзеге асады. Мұны Нүрекен тап-тұйнақтай етіп басқарды.

Жаңақорғанға кіре берісте 2 пәтерлі 100-деген үйлер салынып, пайдалануға берілді. Бұл жерде мекеменің механизаторлары, скреперистері, қызметкерлері қоныстанды. Ұзақ жылғы еңбегі үшін облыстық трестің басшысы Морозовтың тікелей ұйғарымымен Нүрекенге үлкен отбасы екені ескеріліп 2 пәтерлі үй салып берді, – дейді Б.Нұртазаев.

Ал Н.Әйменовпен қатар жұмыс жасаған мекеменің байырғы қызметкері Әбни Ибрагимов: – Нүрекенді адам сирек. Қулығы жоқ, аңқылдаған, көңілі таза, пейілі кен жан. Шіркін, сүйсініп отырарсың. Мен «Түгіскен» каналының бастау алап «Көктөбедегі» шлюздің құрылысын жүргіздім. Осындай парасатты азаматпен жұмыс бабында жиі араласып, сырласу – көңілге медет, – дейді.

«Бесарық», «Жайылма» су тораптары, Ақүйек өзеніндегі су реттегіш құрылыстары осы кезге дейін халық игілігіне қызмет етіп келеді. Түгіскен массиві игерілді. Міне, сол уақыт жағын арқалап, берекелі біткен істердің басы-қасында Нұралы Тұтқабайұлы Әйменов болды. Ұрпақтары мұны үнемі мақтаныш етеді. Көзі тірі болғанда қадірменді қария биыл 98 жасқа толар еді.

Өлмесен БОЛАТБЕКОВ,  
«Құрмет» орденінің иегері,  
Жаңақорған ауданының  
Құрметті азаматы

### Магомед Гасан ГҮСЕЙНОВ, авар жазушысы

Бұл әңгімені неден бастасам екен? Сосын, қалай жалғастырсам болады?

Ертеде, грузин жеріне жасалған шапқыншылық кезінде авар Хожоның қолына басқа олжалармен қоса кішкентай грузин баласы да түседі. Ол оны өзінің отаны Дағыстанға алып келеді. Хожоның баласы жоқ еді, сондықтан

жерден екенін, әкесі кім, қанжардың мұның қолына қалай түскенін сұрады. Хожоның авар тілінде мүлтіксіз сөйлегеніне таңғалды, сосын бұл да оның бұл тілді қайда үйренгенін сұрады. Міне, осы жерде оның Гүржістаннан (Грузия) келген өкіл бала болғаны, оның авар отбасында өскені белгілі болды, мұны Хожоға әкесі талай айтқан.

Ағайындылар құшақтасып, көрісті, түні бойы ортақ әкелері туралы әңгіме шертті.

шабуылына тойтарыс берілген болатын, ал Махмуд селонның басқа азаматтарымен үйге қайтып келе жатты. Ол Хожоның келгеніне қатты қуанды: тағы шабуыл бола қалса, бір жігіт болса да күш. Қаруларын шешпей ұйықтады, әлдеқандай жағдай болады.

Түнде Хожоны біреу тұрткендей болды. Көзін ашқан кезде біреу қабырғадан түсіп келе жатты. Хожо мылтығын әлгі қарауытқан сұлбаға қарай бағыттап, атып жіберді. Хожо мерген болатын, – әлгі адам тіл тартпай кетті. Бұл жау емес, отырыстан кеш оралған қожайынның баласы болып шықты.

Қожайынның қайғысында шек болмады. Бірақ өзінің қонағына ештеңе деген жоқ. Хожо ауылына жеткесін, ол грузин досынан хат алды, хатта досы бұлдан екі ұлын бірдей беруді талап етіпті. Екі ұлынан бірдей айырылу қалай болады деп ойлайсыз? Бірақ тау халқының тәртібі қатал, сондықтан екі баланы Гүржістанға жіберді.

Көп ұзамай ол жақтан да жауап келді, келген көйлектердің екеуі де қан-қан еді. Олар бұған ешқандай үміт қалдырмаған еді. Хожоның жүрегі бірдеңе тырнап жатты. Бірақ өкіл ағасын кінәлаған жоқ, әділдік оның жағында болатын. Осыдан кейін арадағы барыс-келіс үзілді. Гүржістаннан бір күні тағы хат келді. Грузин досы мұны тағы қонақ болуға шақырыпты. Жүрегіңдегі ауыр қайғымен Хожо Махмудқа келді. Ол грузин селосына жақындағанда оны Махмудпен бірге екі ұлы қарсы алды. Екеуі де қайратты, сұлу, бір кездегі Хожоның өзі сияқты жігіт болыпты. Жазатайым өлген ұлына деген Махмудтың кегі осындай болып шықты. Бұрынғы достардың басы тағы да осылай қосылды. Қай жерде тұратыны туралы шешімді жігіттердің өзіне қалдырды. Үлкен ұл қалыңдығы осы жерде болғасын осында қалатын болды. Ал кіші ұл әкесімен бірге елге қайтатын болды. Кейін ол осы жерде авар қызына үйленді.

Тойлары бірге өтті: алдымен Гүржістанда, содан кейін авар жерінде. Бір қаннан тараған екі отбасы туыс болды. Жауласқан ортадан достық туы, сөйтіп, екі ел мәңгілік дос болды: грузин және авар.

Аударған: Бактияр МЫРЗАШ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі

## АҢҒЫЗ

ол кішкентай тұтқынды өз баласындай тәрбие беріп өсірді.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Бір кезде үстіне бурка киіп келген тұтқын бала әдемі, сымбатты болып ер жетті. Бала есейген сайын елін сағынуы күшейе түсті. Ол әкесінен күнде еліне қайтаруын сұрайттын. Бірақ Хожо рұқсат бермеді.

Бір күні тұтқын грузиннің өміріне өзгеріс әкелген бір оқиға болды. Хожоның отбасында ұл бала өмірге келіп, оған кішкентай Хожоның есімі берілді. Осы кезде әке жүрегі ыдырамады, тұтқын балаға рақамы түсіп, еліне қайтуға рұқсат берді. Тек, бұның еліне кек сақтамауын қатаң ескертті.

Бірнеше жылдан кейін кәрі Хожо қайтыс болды, бірақ ол қанжарды пайдалана білу, атқа шабу сияқты өнерге ұлын баулып үлгірген еді. Кішкентай Хожо таулықтар айтқандай, ат үстінде өсіп, ата-бабаларының ерліктері туралы әңгімелерге қанып өскен болатын. Әкесі сияқты батыл, епті, қайратты болып өсті.

Міне енді, өзі де таудың арғы бетіне ұрысқа баратын күн де келіп жетті. Осындай шайқастың бірінде жас Хожо ауыр жараланып, грузиннің қолына тұтқынға түскен еді. Грузиннің назары мінсіз істелген қанжарға түсті. Бұл қанжар Дағыстанда өткен балалық шағында ойнаған қанжардан аумайды. Сондықтан ол бұл жаралы тұтқынға айрықша көңіл бөлді. Оған емдік шөптерден жасалған дәрі беріп, жарасына жүзім жапырақтарын жапсырып, қамқор болып жүрді. Ақыры тұтқын тәуір болып, жаралары жазылды, сол кезде грузин оның қай



Фотос: Алексей Фроловский

Ертеңіне грузин Махмуд Хожоға жарамды ат, тағы басқа керек-жарак беріп еліне қайтарды. Грузин Махмуд өзінң Дағыстанда қойылған есімін өзгертпеген болатын. Ал Хожо оған өзінң қанжарын сыйлады, сөйтіп олар мәңгі дос болып қалуға серттесті. Осы кезден бастап грузин Махмуд пен авар Хожо бір-біріне қонаққа барып, бір-біріне көмектесіп жүрді.


Бірде осылайша Хожо Гүржістанға досына келген еді. Ол кездерде грузин селоларында тыным болмайтын. Әлгіде ғана шешендердің

әкесімен бірге елге қайтатын болды. Кейін ол осы жерде авар қызына үйленді.

Тойлары бірге өтті: алдымен Гүржістанда, содан кейін авар жерінде. Бір қаннан тараған екі отбасы туыс болды. Жауласқан ортадан достық туы, сөйтіп, екі ел мәңгілік дос болды: грузин және авар.

## Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

### МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Қайрбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2023 жылдың 9 маусымында қайтыс болған азаматша Онаяхова Райханның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекеме-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербас көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

/// ЖАҢА ЖОБА

## КІТАПХАНА ТҮНІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек» деп атап өткен болатын. Осыған орай өңірімізде де кітапхана ісін дамыту мақсатында жаңа бастама қолға алынды.

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана мен 1 қалалық, 7 аудандық орталық кітапханалар қызмет режимін түнгі сағат 24:00-ге дейін ұзартты.

Түнгі кітапхана оқимын, ізденемін деген кез келген адамға қолайлы ортаға айналды. Күндіз жұмыста, сабақта болатын кітапсүйер қауым енді қарастырылған уақытта кітапханаға келіп, кітап, газет-журнал оқуына мүмкіндік бар. Мұнда жайлылық, тыныштық әрі қор байлығы қызықтырмай қоймайды. Облыстық кітапхана – барлық жастағы оқырмандарға қызмет көрсететін аймақтағы ең ірі қазына орталығы.

– Қазір кітапхана оқырманға кітап ұсынып, оны қайта қабылдап алатын орын ғана емес, жұмысы жүйеленген үлкен орталыққа айналды. Заман талабына сай кітапхана қызметі де түрленіп келеді. Бізде кітап оқуды насихаттау мақсатында жылына 300-ге жуық іс-шара ұйымдастырылады. Кітапхана қазір қоғамдық даму орталығы, әлеуметтік институт, шығармашылық алаң ретінде, барлық мәдени ортаның тоғысуынан тұрады. Түнгі кітапханаларда маусым-шілде айларында 895 оқырманға қызмет көрсетіліп, кітап ұстанымы 5609-ға жеткен. Сонымен қатар келушілер саны 2640 адамды құрады. Басты міндет – оқырман санын көбейту, жастарды дәстүрлі оқуға тарту. Біздің болып жатқан жаңашылдықтың бәрі осыған бағытталды, – дейді оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Қалдыгүл Досмағанбетова.



Айта кету керек, мұнда коворкинг орталығы, «Еркетай» балалар алаңы, «Жас қалам», «Кездесу» клубы, IT сауаттылыққа үйрететін «Шаңырақ» интеллект орталығы, АРТ-студия, сурет салу, «Ісмер», «Көркемсурет», «English for kids» үйірмелері жұмыс істейді.

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі де Президент пәрменіне орай оқырмандарға оқу ықтималдығын арттырып отыр. А.Пушкин атындағы орталық кітапханада 107 мыңнан астам кітап қор бар. Жыл сайын 6 мыңға жуық оқырманға қызмет көрсетеді.

– Түнгі кітапхана жобасының мақсаты айқын. Оқырман қауымды кітапханаға кеңінен тарту. Жастар арасында қызығушылық артып келеді. Көркем әдебиетке, тарихи туындыларға оқырман тарапынан сұраныс жоғары. «Универсам» аумағындағы оқырмандар ата-аналарымен келіп түнгі кітапхана қызметін пайдаланады, – дейді кітапханашы Гүлзия Молдасанова.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,  
«Сыр бойы»



Бүгінгі күннің басты тақырыбы төрткүл дүние жанкүйерлері көз тіккен олимпиада ойындары болып тұр. Әрине, ел намысы сыңға түсіп жатқанда кім тақымын қыспайды! Бәріміздің ойымызда бір арман: «Спортшыларымыз жүлде алып, жарқырап абыройымызды асқақатса екен!»

Алайда, сайыпқырандар сарапқа салатын Париж олимпінің 329 медалінен қазақстандықтарға әзірге төрт медаль бұйырып тұр.

Осы қазір Қазақстан құрамасы медальдар кестесі бойынша 205 елдің ішінде 26-орынға көтерілді.

Жоғарғы орынға жетуімізге спорттық гимнастикадан өнер көрсеткен Нариман Құрбановтың күміс жүлдесі септесті.

Жалпы, медальдар саны бойынша Қытай құрамасы бірінші орында тұр. Олардың еншісінде Париж олимпиадасының 16 алтын медалі бар. Оған бөлек, қытайлық спортшылар 11 күміс, 9 қола жүлдені еншіледі. Ал екінші сатыда – Австралия құрамасының 12 алтын, 7 күміс, 5 қоласы бар. Үздік үштік 11 алтын, 20 күміс, 20 қола жүлдемен АҚШ құрамасы түйіндеп тұр.

Дегенмен, біздің ел құрамасының әлі де алға жылжитын мүмкіндіктері жоқ емес.

Боксшы Нұрбек Оралбайдың жартылай

## ҚАЙРАТТЫҒА БАҚ ТҮРАР

финалда Доминикан боксшысы Кристиан Хавьер Пиналеспен кездесіп, жеңіске жеткенін білеміз (3:2). Енді отандасымыз 7 тамыз күні украиналық Александр Хижнякпен қолғап түйістері.

Токио олимпиадасының күміс жүлдегері Хижняк жартылай финалда бұған дейін екі рет олимп ойындарының

чемпионы атанған доминикандық Арлен Лопезді ұтты. Сондықтан біздің батырға атық сайыстың оңай соқпасы анық. Дегенмен, біз тек жеңіс күтеміз. Нұрбектің өзі де тілшілерге берген сұхбатында «біз алтын үшін келдік» деп мәлімдеді, яғни, ел намысын төмен түсірмейтінін айтты. Сонымен бірге ол «біздің боксшы-

лар қарсыластарынан емес, төрешілерден жеңілді» деп, отандастарымыз үшін ешқандай күрзден тайсалмайтынын, жыға жеңіске жетуге барын салатынын білдірді.

Ал жартылай финалға жолдама алған Назым Қызылбай финалдық бәсекенің жолдамасын қытайлық боксшы Ву Юмен сарапқа салады. Сосын ол да алтын медаль үшін айқасады. Жеңіліс тапса, қола жүлдені қанағат тұтпақ. Жекпе-жек 7 тамызға қараған түні болады.

Париж олимпиадасында олжа салған гимнастшы Нариман Құрбанов болды. Тұтқалы ат жаттығуында керемет өнер көрсеткен ол күміс жүлде иеленді. Бұл – Қазақстанның гимнастикадан олимпиада ойындарында алған алғашқы медалі.

Париж Олимпиадасынан айтатын сөз көп. Әзірге осы жайттарды еске салып өттік.

Кеше Алматы әуежайында Париж Олимпиадасының чемпионы Елдос Сметов пен Олимпиаданың қола жүлдегері Ғұсман Қыргызбаевты халықтың қалың неірі қарсы алды. Еліміздің қоржынына қос медаль салған батырларымыздың бал-бұл жанған жүзінде ақталған үміттің ұшқыны бар. Бұл ұшқын талай жас қазақтың жүрегіне от тұтатын, талай батырларды шығарады деп мақтаныш етеміз.

Олимп ойындары кезінде әртүрлі қызықтар болып жатады. Сондай айта жүрер сәттің бірі Елдос Сметовтің өз атынан жанкүйеріне теледидар сыйлауы болды. Дюдошының финалдағы өнерін үйінен тамашалаған жанкүйердің спортшының жеңісін ерекше көңіл-күймен қабылдап, қуаныштан балаша секірген сәті әлеуметтік желіде тараған еді.

Қазақстан жазғы Олимпиада ойындарына тәуелсіз ел ретінде сегізінші мәрте қатысып отыр екен. Алдымызда әлі талай жеңістер бар. Еліміздің намысы мен көк туын жоғары көтеретін алтын ұлдарымыз бен қыздарымыз аман болсын!

Дүйсенбек АЯШУ, ПЫ,  
«Сыр бойы»



Фото: Алия Дерексәлі

## «VIP СҮНДЕТТЕУ»

### НЕМЕСЕ «АЗАМАТ БОЛУДЫҢ» АҚЫСЫ ХАҚЫНДА

«Сүндеттелмегендерге қарағанда сүндеттелген ерлер қатерлі ісікке (рак) анағұрлым аз шалдығады. Жыныстық жұқпалы ауру туғызу қауіпі сүндеттелмегендерде сегіз есе жоғары. Ал халқының 10-30 пайызы ғана сүндеттелген Кения, Замбия сияқты елдерде жергілікті тұрғындардың төрттен бірі жыныстық ауруға шалдыққан. Африканың шамамен ер бала сүндеттелетін Бенин және Камерун секілді елдерінде жұқпалы ауруларға шалдыққандар тұтас алғанда алты пайыздан аспаған. Австриялық зерттеуші ғалымдар тіптен үлкен жаңалық ашты. Олар СПИД-ке шалдыққан ер кісілердің басым көпшілігін сүндеттелмегенін дәлелдеді», – деп жазылған muslimwomen.kz сайтында.

Ер баланың азамат атанғанының алғашқы белгісі де – осы. Сүндеттеу – ислам дінінде ері қазақ дәстүрінде ер баланың жыныс мүшесін жауып тұрған тері бөлшегін кесу арқылы жасалатын құрылым. Медицина ғылымында «циркумизия» (латын тілінде circumcisio – дөңгелете кесу) деген атауға ие. Технологияны дамуына сай оның да ыңғайлы әдістері пайда болды.

– Медицинада сүндеттеу хирургиялық, лазерлік жолмен жүзеге асырылады. Ата-аналардың 80-90 пайызы екінші әдісті таңдайды. Өйткені ол бірден қан тамырларының бетін күйдіріп, жауып кетеді. Баланың терісі қанамайды, дәрігер үшін де ыңғайлы. Бұрын хирургиялық сүндеттеу кезінде әрбір тамырды жеке тігу қажет болатын. Ол бір жағынан уақыт алады. Процесті көрген бала да, ертіп әкелген ересек адам да қорқып қалады. Сүндеттеу процесінің жеңіл немесе ауыр өтуі балаға тікелей байланысты. Дәрігерге емес. Бала міндетті түрде дайындықпен келуі тиіс. Кейбір ата-аналар бізге алдап-сулап өкеледі. Сондықтан бала бөлмеге кіргенде ақ халат киген дәрігерді көріп қорқып кетеді. Ата-ана қайда апара жатқанын, мұның мұсылмандың парызы екенін, шыдамды болуы керектігін айтып, түсіндіруі

1-бет

қажет, – дейді уролог-андролог Дастан Шыңжырбайұлы.

Қызылорда қаласының тұрғыны Гүлжазира Төке ұлдарын дәрігерге дайындықпен апарғанын айтты.

– Балаларға күні бұрын «сүндетке отырғызамыз, шамалы ауырады, шыдау керек» деп барлығын түсіндірдік. Ешқандай жылап, мазасыз күйге түскен жоқ. Облыстық балалар ауруханасының хирургі сүндеттеген болатын. Ол да процесс қалай жүретінін, қандай күтім жасау керектігін айтты. Шамамен екі апта ішінде жазылып кетті, – деді ата-ана.

Дәрігер Дастан Шыңжырбайұлы ер балаларды так санға сәйкес келген жасында және жазда сүндеттеу туралы түсініктің жай ғана миф екенін атап өтті.

– Ең қолайлы жас – 4 пен 7 жас аралығы. Арнайы көрсетілім кезінде ғана болмаса, баланы ес білмей тұрып сүндеттеудің жөні жоқ. Мысалы, урологияда фемоз деген диагноз бар. Бұл – мүшенің басының жабысып қалуы. Бала кіші дәреже шыға алмай ашып, айлық кезінде сүндеттеген кездер болды. Кейбір кезде 1-2 жастағы баланың жыныс мүшесі дайын болып, 6-7 жастағы балаларда керісінше болуы мүмкін. Жасырын жыныс мүшесі деген диагнозбен 7-8 жасында да сүндеттей алмаймыз. 10-15 жасқа толғанша күтеміз. Тіпті одан кейін де өспесе, ота жасауымыз мүмкін. Тақ санға сәйкестендіріп 3, 7 жасында, жазда ғана сүндеттеу керек деген – жаңсақ пікір. Балалар күзде сабаққа баратын болғасын мектепке сүндеттеп, дайындап апару керек дегеннен шыққан болуы мүмкін, – дейді ол.

Қайткен күнде де жазды сүндеттеу маусымы десек, жарасатын сияқты. Әкесінің, ағасының жейдесін тобығына дейін түсіріп киіп жүрген ұлдарды осы кезде көшпен, ауладан көптеп кездестіруге болады.

Педиатрия саласының ардагері Үсен Төленбеков бір жазда кем дегенде жиырма шақты баланы сүндеттегенін еске алды.

– Ұзақ жыл Шиял ауданының «Сұлутөбе» ауылында тұрдық. «Сұлутөбені» және көрші, қойшы ауылдарды аралап, балаларын қатарға қосатын едік. Новаканин басқа қазіргідей ауырғанын басатын мықты дәрілер ол кезде жоқ еді. Осы күні заман ағымына қарай баланы алдаусыратып отыратын түрлі әдіс қолданылды екен. Біз тек «сапанға қарап жат, қазір құс ұшады» деп алдаусыратып, әп-сәтте алып тастайтын едік, – дейді ол.

Расымен, қазір балалардың дәрігердің кабинетінен жыламай шығуы үшін бар жағдай жасалған. Сүндеттеудің әдеттегі және VIP деген түрлері пайда болды. VIP түрінде бала көлікте ойнап отырады, болғасын оған арнайы ішкіні беріледі. Біріншісінің өзінде бала лазерлі әдіспен ештеңені сезбей қалады. Бұл екеуінің бағасы енді екі түрлі.

Дастан Шыңжырбайұлы өзі қызмет ететін ел ордасында басқа өңірлерге қарағанда баға айырмашылығы сәл жоғарылау екенін ашып айтты.

– Астанада – 30-40 мың теңге аралығында. Басқа өңірлерге шыққанда міндетті түрде сол аймақтың тұрмыстық жағдайын ескереміз. Ауылды жерлерде арзанда баға қоямыз. Мүмкіндігі шектеулі балаларға тегін жасалса, асыраушысы жоқ, көпбалалы отбасылар үшін жеңілдіктер қарастырылған. Жакын арада Қызылорда қаласына барып қайттық. Екі күн ішінде 80 баланы қабылдадық. Әрқайсысы үшін – 20 мың теңге. Жалпы, осы уақытқа дейін 7 мыңдай баланы сүндеттедім. Ата-аналардан шағым түскен емес. Сол себептен шығар, барған жеріміз адамдар көптеп кезекке тұрады, – дейді дәрігер.

Қызылордалық ата-ана Гүлжазира Төке өткен жылы екі ұлын сүндеттеуге 24 мың теңге жұмсаған. Ал баға жылдан-жылға өспесе, төмендемейтіні анық. Егде жастағы кісілерден сұрасаң, бұрын мұндай ставка болмағанын алға тартады.

– Ата-анасы алғысын айтып, не береді, соны алдық. Бір қой артып жіберетіндер де, бір тауық тарту ететіндер де болды. Ол енді өркімнің ықыласына қарай. Арнайылап ақы сұраған емеспін. Батасын алып,

соған риза болып кеткен де кезіміз бар, – дейді медицина ардагері Үсен Төленбеков. Журналист Нұрлан Көбегенұлы осы орайда баланы сүндеттеу үшін берілген қаржы дәрігердің қалтасына емес, ол еңбек ететін мекеменің есепшотына түсуі тиіс деп есептейді.

– Хирургтердің осы мезгілде қолы жүреді. Ұлыңызды сүндетке отырғызсаңыз, еңбегі үшін деп, дәрігердің қолына беріп кетесіз. Кейбір хирург бергеніңді алады. Ал кейбірі ставка қойып, бағасын кесіп айтады. Меніңше, бұл дұрыс емес. Бұрынғырақ тамыз айында бір ай бойы балаларды тегін сүндетке отырғызатын. Ол кезде «қолың жеңіл болсын» деп, дәрігердің ешкім құрқол қалдырмайды. Қазір баға анық. Егер ақылы етсе, мекеме есепшотына аудару керек. Сонда бәрі тыныш болар еді. Оның үстіне сүндеттеу құны да жоғары, оны неге сүйеніп қойғанын ешкім түсіндірмейді. Егер ақылы қызмет жасаса, оның нақты тұрақты бағасы болуы керек. Сүндеттеген дәрігер алты айға кепіл болуы қажет. Ол үшін қол қойып, мөр басылсын. Сонда оның бойында жауапкершілік болады. Құқықтық қоғам деген осы. Бірақ бізде ол жоқ. Оны өзіміз қалыптастырамыз. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы бұл мәселені реттеуі тиіс, – дейді әріптесіміз.

Сондай-ақ ол қателік жіберіп, балалардың жыныс мүшесіне зиян тигізген жағдайлар болғанын, баланы сүндеттеуде мықты мамандарға ғана рұқсат беру керектігін жеткізді.

Ал дәрігер Дастан Шыңжырбайұлы урологтардың сүндеттеуді медицинаның басқа бағытындағы әріптестерінің, мысалы, хирург, травматологтардың жүзеге асыруына қарсы екенін алға тартты.

– Мұны молда түгілі, дәрігер деген атқа лайық жандардың жасауын құтпаймыз. Балалар урологты мен балалар хирургына ғана рұқсат етілуі қажет, – дейді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
өспел-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақилы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.